

**"Риддер қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ереже бекіту туралы" 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 25/7-IV шешімге өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 36/8-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қазанда № 5-4-155 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі N 3/3-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2012.04.16 N 3/3-V шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына сәйкес Риддер қалалық мәслихаты

**Ш Е Ш Т І :**

1. «Риддер қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі жөнінде Ереже бекіту туралы» мәслихаттың 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 25/7-IV шешімімен бекітілген, Риддер қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі жөніндегі Ережеге (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 21 мамырындағы № 5-4-132 тіркелген, 2010 жылдың 04 маусымындағы № 25 "Лениногорская правда" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) 10 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«10. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде келесі шарттар қабылданады:

1) өтініш беруші заңды некеде болса, бірақ зайыбы сол мекенжай бойынша тіркелмеген болса, ерлі-зайыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және тұрғын үй көмегі жұбайының тұрғын үй көмегі туралы өтініш берген мекенжайы бойынша тағайындалады;

2) өтініш берушінің үйінде, ата-аналары басқа жерде тіркелген және ата-аналық құқығынан айырылмаған 18 жасқа дейінгі бала тіркелген болса, өтініш беруші баланың ата-анасының табыстарын растайды;

3) өтініш беруші заңды некеде болса, бірақ зайыбының тұрғылықты жерін білмесе (көрсетпесе) және бұл мәселе бойынша құқық қорғау органдарына хабарламаса - тұрғын үй көмегі тағайындалмайды;

4) өтініш беруші жалғыз тұрса және оқу орнының күндізгі бөлімінде оқыса - өтініш беруші сонымен қатар ата-анасының табыстары туралы және олардың тұрғын үй көмегін алғандығы туралы мәліметті ұсынады.»;

2) 12 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«12. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күнтізбелік күн ішінде, өз тұрғын үйінің жеке меншік нысанындағы, отбасы құрамындағы және оның жиынтық табысындағы кез келген өзгерістер туралы, тұрғын үй көмегі қызметін а қ п а р а т т а н д ы р а д ы .

Тұрғын үй жәрдемақысының негізсіз алынған сомасы, алушымен ерікті түрде , бас тартқан жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтаруға жатады.»;

3) 29 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«29. Электроэнергияны тұтыну нормасы - әрбір тұратынға 90 кВт.».

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 01 қазандағы пайда болған қатынастарға тарайды.

*Кезекті сессияның төрағасы*

*В. Бондаренко*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*А. Ермаков*